



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 32 БАСПАСӨЗ Р Е Л И З 1
2009 жылғы 23 желтоқсан


Банктік шоттардың жаңа нөмірлеріне және жаңа банктік сәйкестендіру кодтарына ауысу

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2010 жылғы 7 маусымнан бастап Қазақстан Республикасында ISO 13616: IBAN (International Bank Account Number – банктік шоттың халықаралық нөмірі) және тиісінше ISO 9362: BIC (Bank Identifier Codes – банктік сәйкестендіру кодтары) халықаралық стандарттарына негізделген клиенттердің банктік шоттарының жаңа нөмірлері және банктердің жаңа банктік сәйкестендіру кодтары қолданылатындығын хабарлайды.

Қаржылық бірлестікте кеңінен қолданылатын банктік деректемелердің стандарттарын қолдану банктердің және олардың клиенттерінің Қазақстанның төлем жүйесінде сәйкестендіру жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді, халықаралық төлемдерді өндеуді айтарлықтай жылдамдатады. Халықаралық стандарттарға ауысудың Қазақстанның әлемдік экономикаға интеграциялануының қазіргі жағдайында да үлкен мәні бар.

Қазақстан Республикасының аумағында клиенттердің банктік шоттарының жаңа нөмірлері және банктердің банктік сәйкестендіру кодтары (IBAN және BIC) Қазақстан ішіндегі төлемдерді жүзеге асыру үшін, сол сияқты халықаралық төлемдер үшін де қолданылатын болады.

Қазақстандық IBAN 20 әріпті-цифрлық разрядтардан тұратын болады және былайша көрінеді:




Көзбен көріп қабылдауды жеңілдету мақсатында шоттың нөмірін қағаз тасымалдауыштарда әрбір төртінші белгіден кейін арасын бөле отырып көрсетуге рұқсат беріледі:

KZCC BBBX XXXX XXXX XXXX

Алайда, электронды нысандағы төлем және басқа құжаттарды толтырған кезде банктік шоттың нөмірі бос орын қалдырылмай енгізілуі тиіс. Сондай-ақ бұл жағдайда банктік шот нөмірінің алдына ешқандай да басқа қысқартуларды қосуға болмайды (мысалы, IBAN, A/C, Account No және т.б.).

Бас банктердің жаңа БСК құрылымы 8 әріпті-цифрлық белгілерден тұратын болады және мынадай түрде болады:



Сіздердің назарларыңызды **банктің банктік шотының нөмірі және банктік сәйкестендіру коды төлем құжаттарын ресімдеу кезінде міндетті деректемелері болып табылатындығына** аударамыз.

Халықаралық стандарт талаптарына сәйкес банктік шоттың жаңа нөмірін беруге шот иегерінің банкі ғана құқылы. Осылайша, **Қазақстан Республикасының банктерінде шоттары бар жеке және заңды тұлғалар IBAN өз нөмірін алу үшін 2010 жылғы 7 маусымға дейін (жаңа банктік деректемелерді қолданысқа енгізу күні) өздерінің шоттары ашылған банкке баруы тиіс.** Егер тұлғаның бірнеше банктерде шоттары болса, онда нақты шотқа сәйкес келетін IBAN нөмірін ол осы шот ашылған банкте алады.

2010 жылғы 7 маусымнан бастап төлемдерді және ақша аударымдарын жүзеге асырған кезде халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңа банктік деректемелерді ғана көрсетуі қажет.

2010 жылғы 7 маусымнан бастап банк шоттарының және банктік сәйкестендіру кодтарының бұрынғы нөмірлерін көрсетуге байланысты төлемдер және ақша аударымдары қайтарылуын болдырмау үшін **жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасындағы және шетелдердегі іскер әріптестерін және басқа мүдделі тұлғаларды/органдарды өздерінің жаңа банктік деректемелері және олардың қолданысқа енгізілу мерзімдері туралы хабардар етуі**, сондай-ақ өздерінің қазақстандық әріптестері банктерінің IBAN шоттарының нөмірлерін және жаңа BIC білуі тиіс.

Қазақстан Республикасында жаңа банктік деректемелерді енгізуге қатысты нормативтік құжаттармен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Интернет-ресурсы, Төлем жүйелері/Басылымдар (www.nationalbank.kz) бөлімінде танысуға болады.

Сұрақтар туындаған кезде Сізге қызмет көрсететін Банкке, не Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне 8 (727) 270-47-20, 8 (727) 270-47-64 телефондары арқылы хабарласыңыздар.

Кейбір елдердің IBAN және BIC мысалдары

Ел	IBAN мысал	BIC мысал
Германия	DE89 3704 0044 0532 0130 00	DEUTDEBB
Ұлыбритания	GB29 NWBK 6016 1331 9268 19	BOFIGB2B
Финляндия	FI21 1234 5600 0007 85	HELSFIHH
Швеция	SE35 5000 0000 0549 1000 0003	NDEASESS
Нидерланд	NL39 RABO 0300 0652 64	ABNANL2A
Түркия	TR33 0006 1005 1978 6457 8413 26	ADABTRIS
Қазақстан	KZ75 125K ZT20 6910 0100	NBRKKZKX